**Бекітемін:**
**Мектеп директоры**
**А.Ж.Ескалиева**

# Қожаберген жырау атындағы №6 орта мектебінің 2023-2024 оқу жылына арналған тәрбие жұмысының жоспары

**Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:** Рахметова Нургуль Кабитовна

# 2023-2024 оқу жылында еліміздің жалпы білім беретін мектептерінде «Құндылықтарға негізделген білім беру» жобасын жүзеге асыру арқылы оқытудың құндылықты-бағдарлық тәсілін енгізу тәрбие жұмысының ерекшелігі болып табылады.

**Аталған жобаның мақсаты:**

**- білім алушылардың рухани-адамгершілік дамуын қамтамасыз етуге бағытталған жалпыадамзаттық, ұлттық және отбасылық құндылықтарды дамыту;**

**- білім алушылардың өзін-өзі тануын, өздігінен дамуын, әлеуметтік жауапкершілігін және әлеуметтенуін қалыптастыру;**

**- экологиялық мәдениетін, салауатты және қауіпсіз өмір салтын тәрбиелеу.**

**Тәрбие жұмысының бағыттары:**

1) Қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие;
2) Рухани-адамгершілік тәрбие; («Қоғамға қызмет», «Психологиялық қызмет және мектептегі татуласу қызметтерін ұйымдастыру» жобалары)
3) Ұлттық тәрбие;
4) Отбасылық тәрбие; («Отбасы – орта мектеп» жобасы)
5) Еңбек тәрбиесі, экономикалық және экологиялық тәрбие; («Еңбек – елдің мұраты», «Ерте жастан экологиялық мәдениет» жобалары)
6) Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие; (Театр мен бала» жобалары)
7) Зияткерлік тәрбие; («Ұшқыр ой алаңы оқушылардың дебаттық қозғалысы», «Оқуға құштар мектеп» жобалары жобасы)
8) Дене тәрбиесі; «Психологиялық қызмет және мектептегі татуласу қызметтерін ұйымдастыру»

## ТӘРБИЕНІҢ БАСЫМ БАҒЫТТАРЫ

**Тәрбиенің қойған мақсатынан және одан туындайтын міндеттерге сүйене отырып тәрбие жұмысының мынадай бағыттары айқындалады:**

***«Қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие» білім алушылардың бойында қазақстандық патриотизм сезімін, құқықтық және азаматтық сана-сезімді, жеке бас бостандығы мен ар-намысының құндылығын, парасаттылық пен адалдықты, толеранттылықты, еңбекке деген құрметті, «толық адам» қасиеттерін қалыптастырады, зорлық-зомбылық пен агрессиялық ой-пиғылдың, әртүрлі типтегі кемсітушіліктің алдын алуды қарастырады.***

***Рухани-адамгершілік тәрбие – адамгершілік келбеті, адамгершілік сана; құндылық сезімдері мен қасиеттері – ізгілік, ар-ождан, намыс, парыз, сенім, жауапкершілік, бауырмалдық, мейірімділік, адалдық, ынтымақтастық, ұлтаралық келісім, толеранттылық сияқты құндылықтарды қалыптастырады.***

***Ұлттық тәрбие аясында жаңа оқу жылында білім алушылардың бойына ұлттық құндылықтарды дарыту мақсатында цифрлық дәуір ерекшеліктерімен байланыстыра отырып «Дәстүр мен ғұрып» жобасы іске асырылатын болады.***

***Мектептегі отбасылық тәрбиенің мақсаты келесі құндылықтарды қалыптастыру: отбасы мүшелері арасындағы сыйласымдылық, үлкенді құрметтеу, ананы сыйлау, әкені қадір тұту, отбасы берекесі, отбасылық дәстүрлер, бауырмалдық, туысқандық, денсаулыққа қамқорлық, салт-дәстүр сабақтастығы, сүйіспеншілік.***

***Еңбек тәрбиесі, экономикалық және экологиялық тәрбие білім алушылар бойына шығармашылық еңбек, еңбек мәдениеті, экономикалық сана, кәсіп, мансап, функционалдық сауаттылық, туған табиғатқа деген сүйіспеншілік сынды құндылықтарды сіңіруге ықпал етеді.***

***Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие білім алушыларға эстетикалық сананы; эстетикалық талғамды қалыптастыруға көмектеседі.***

***Зияткерлік тәрбие білім құндылығын; зияткерлік ұстанымды; әрбір тұлғаның көшбасшылық қасиеттері мен дарындылығын; ал ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу кибермәдениет мен кибергигиенаны қалыптастырады.***

***Дене тәрбиесі салауатты өмір салтының, дене шынықтыру мен спорттың, дене бітімін жетілдірудің құндылығын, өз денсаулығына жауапкершілікпен қарау құндылығын қалыптастырады.***

***«Қоғамға қызмет ету» бағдарламасы.*** Әлеуметтік, қайырымдылық жобаларға қатысу;

## ТҰЖЫРЫМДАМАНЫҢ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУ ШАРТТАРЫ

***Тұжырымдаманы жүзеге асырудың негізгі шарттары төмендегідей болып табылады:***

- балалар мен жастар тәрбиесінің болашағын, саяси және әлеуметтік маңыздылығын өзектілендіру;
- интелектуалдық, педагогикалық ұйымдастырушылық, экономикалық әдістемелік және кадрлар және тағы басқа ресурстарды тәрбие міндеттерін жүзеге асыруда шоғырландыру;
- ашық ақпараттық, білім беру, коммуникативтік, әлеуметтік және тұлғалық кеңістікті құру, балалар мен жастардың жауапкершілікті және өз бетінше болу қажеттілігі үшін тәрбие ортасын қалыптастыру;
- тәрбиеленушілердің рухани, интелектуалдық және өз денсаулығы мен өмірі, әлеуметтік біліктілігі мен жауапкершілігін көтерудің ұйымдастырушылық жағдайларын жасау;
- балалар мен жастардың әлем және ұлттық мәдениетті игерулеріне толеранттылық, келісім және ұлтаралық мәдениет пен қарым-қатынасты тәрбиелеу;
- қоғамға, қоршаған ортаға, табиғатқапозитивті көзқарас қалыптастыруға ықпал ететін әлеуметтік педагогикалық жағдай жасау;
- кәсіби бағдар мен тұлғаның өзін- өзі іске асыруына және өз білімін үздіксіз жетілдіру қажеттілігіне жағдай жасау.

**Тұжырымдаманы жүзеге асырудың негізгі ресурстары:**

***Нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету***тәрбие үдерісі Қазақстан Республикасының білім беру саласының нормативтік-құқықтық құжаттарына толық сәйкес келуі және онда туындайтын проблемаларды шешу мақсатында қайтарымды байланыс қамтылады.

***Ақпараттық қамтамасыз ету***- заманауи ақпараттық және коммуникациялық технологияларды қолдану, мектеп және жоғары оқу орындары ішілік БАҚ-тар, тәрбие мәселелері бойынша баспа қызметін пайдалану және т.б.

***Ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету***ғылыми-әдістемелік кешендерді жасау, вариативті бағдарламалар, тәрбиелік және ақпараттық технологияларды енгізу, педагогикалық кадрлардың кәсіби шеберлігін көтеру және қайта даярлау жұмыстары жүзеге асырылады. Тәрбие үдерісін ұйымдастырудың таңдаулы тәжірибелерін кең тарату, зерттеу және анықтау; тәрбие жұмысында және оларды ұйымдастыруда да жаңа технологияларды игеру; адамның рухани әлемінің қалыптасуын қамтамасыз етуге қызмет көрсететін тәрбиенің мәдени сәйкестілігіне бірізді бағдар алу қамтылады.

***Ұйымдастырушылық-басқарушылықты қамтамасыз ету***білім беру ұйымдарында және олардың құрылымдарында тәрбие жұмыстарын қолайлы жоспарлау негізінде тиімді тәрбие жұмысын ұйымдастыруға және олардың жұмыстарын үйлестіруге жағдай жасау; негізгі және қосымша білім беру мазмұнын интеграциялау, толассыз зерттеу, тиімді жұмыстарды қорыту және кең тарату, тәрбие үдерісіне мониторинг жасау.

***Материалдық-техникалық қамтамасыз ету***тәрбие жұмысына қажетті материалдық, техникалық жағдай жасау, тәрбие жұмысын республикалық және жергілікті бюджеттен қаржыландыру, тәрбие үдерісіне қатысушыларды икемді ынталандыру жүйесін тиімді пайдалану қарастырылады.

***Психологиялық-педагогикалық қолдау*** психикалық-педагогикалық түзетуді дамытуды қажетсінетін әртүрлі категорияларға қатысты балалар мен жастармен жүргізілетін жұмыстарды арттыруды (дарынды, тәуекелшіл топтардың өкілдері, шектелген мүмкіндіктегі балалар мен жастар) қамтиды.

***Кадрлық қамтамасыз ету***«әлеуметтік педагог», «қосымша білім беру педагогі», «балалар бос уақытын ұйымдастырушы менеджер» мамандықгарын классификаторға енгізуді; тәрбие жұмысымен шұғылданатын барлық категориядағы педагогикалық қызметкерлердің мамандықтарын көтеру және қайта даярлауды қамтамасыз етуді; сынып жетекшілерінің, кураторлардың, мектеп психологтарының, әлеуметтік педагогтардің («қиын» балалармен жұмыс жөніндегі, және т.б.) қызметтік міндеттерін нақты бөлуді; педагогикалық жоғарғы оқу орындары мен кәсіптік техникалық оқу орындарында «Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі» кафедраларын жандандыру және педагогикалық колледждер оқушыларының, жоғары оқу орындары студенттерінің жазғы демалыстарын ұйымдастыруда педагогикалық практикадан өтуін қайта жаңғыртуды мөлшерлейді.

Барлық білім беру ұйымдарында (мектептерде, кәсіптік колледждер мен жоғары оқу орындарында) директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, тәрбие ісі жөніндегі проректор, топ кураторлары, сынып жетекшілер қызметтік міндет ендіріліп және олардың іс-әрекетін балалар мен жастардың қоғамдық ұйымдарының жұмысымен өзара іс-әрекет қимылын ұйымдастыруды қамтамасыз ету.

## ТҰЖЫРЫМДАМАНЫ ОРЫНДАУДАН КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕЛЕР

Қазақстан Республикасында тәрбие Тұжырымдамасын жүзеге асыру:

- тәрбиенің басымдығы мен маңызын қоғамның сезінуін, оның қоғамдағы мәртебесін нақты бекітеді;
- білім беру жүйесінің барлық деңгейінде тәрбиенің үздіксіздігін және сабақтастығын қамтамасыз етеді;
- балалардың, жас өспірімдердің және жастардың тәрбиелілігін жоғары деңгейіне жеткізеді;
- салауатты өмір салтын норма ретінде бекітеді;
- қоғамның рухани және адамгершілік деңгейі жоғарылайды;
- барлық деңгейлі білім беру ұйымдарында қолданыстағы өзін-өзі дамытушы тәрбие жүйелерін қамтамасыз етеді.

Тұжырымдаманы іске асыру барысында жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде тиімді жүзеге асатын тәрбиенің қазақстандық үлгісі құрылады.

## СӨЗДІК

***Тәрбие***- қойылған мақсатқа жетуге бағытталған тәрбиешілер мен тәрбиеленушілердің өзара тиімді іс-әрекеттері (достастық).

***Тәрбиелік үдеріс***- ол өзіндік даму, өзін-өзі тәрбиелеу, өзін-өзі іске асыруға бағыттау мақсатында .педагогтар мен балалардың өзара іс-әрекеттері.

***Тәрбие жұмысы***- ол анағұрлым толық өзіндік дамуы мен өзін-өзі табысты көрсету мақсатында ересектер мен балалардың бірлескен тіршілік әрекеттерін ұйымдастыру жөнінде мақсатты бағытталған қызмет.

***Тәрбиелік жүйе***- 1) тәрбиенің негізгі компоненттерінің өзара іс-қимылдары үдерісінде туындайтын (мақсаттар, субъектілер, олардың қызметі, пікірлесу, қарым-қатынас, материалдық база) және ұжымдық өмір бейнесі ретінде интегративті сипаттамалар мен оның психологиялық жағдайы қамтылған тұтас әлеуметтік организм; 2) өзінің басты қызметі -тәрбиеге қатысты ретке келтірілген ашық әлеуметтік-педагогикалық және психологиялық-педагогикалық жүйе,

***Қосымша білім беру***- білім алушылардың білім алу үдерісінде сұраныстарын жан-жақты қанағаттандыру мақсатында жүзеге асырылатын тәрбие және оқу үдерісі. Қосымша білім беруді ұйымдастыру тұлғаның жеке дамуына, кәсіби шеберлігін анықтауына, балалардың шығармашылық еңбекке бейімделуіне, олардың қабілеттерін керсете білуіне, қоғамдық өмірге бейімделуіне, азаматтық өзіндік санасын қалыптастыруына барлық жағдайды жасайды.

***Қазіргі заманғы тәрбиеші***- ол саясаттың, нарықтық педагогикаға үстемдік етуіне жол бермеу үшін тәрбиенің жаңа әлеуметтік-экономикалық шартын педагогикалық негізде ойлай білуге, нарықтық қатынастың келу салдарын, жаңа үрдістерді педагогикалық мақсат ұстанымында бағалауға, педагогикалық іс-әрекеттің баламаларын салыстыруға, олардың ықтималды мүмкіндіктерін болжауға қабілетті, талдау мен өзін-өзі бақылау тәсілдерін меңгерген кәсіби шебер.

***Тәрбие қағидасы***- тәрбиешілер міндетті түрде сақтайтын, тәрбиені ұйымдастырудың аса маңызды ережелері, бастапқы ережесі.

***Өзін-өзі тәрбиелеу***- субъективтік мақсатта жеке тұлғаның мүддесінде мақсатты түрде құрылатын және оның қасиеті мен қабілетінің дамуын саналы басқаратын үдеріс.

***Өзін-өзі басқару***- оқушылардың және студенттердің шығармашылық потенциалын ашуға, олардың өзін-өзі табысты көрсетуге мүмкіндік беретін өзін-өзі ұйымдастырудың тәсілі.

***Әлеуметтену*** - адамның өмір бойы дамуы мен қалыптасуындағы әлеуметтік нормалар мен мәдени құндылықтарды меңгеру үдерісінде қоршаған ортамен өзара іс-қимыл, сондай-ақ, өзі өмір сүрегін қоғамда өзін-өзі дамыту және өзін-өзі табысты көрсету.

***Әлеуметтік белсенділік*** - адамның әлеуметгік қарым-қатынас жағдайындағы іс-әрекетті жүзеге асыратын дайындығы.

***Өзіндік сана-сезім*** — әлеуметгік қарым-қатынасына, сұранысына, мотивіне, мәніне тән индивидтің өзі туралы сезіну және уайымдау жүйесінде пайда болатын жоғарғы сана.***Толеранттылық*** — сезгіштіктің олардың қайталанушы әсерлер нәтижесінің төмендеуі салдарынан фрустаторлар мен стрессорларға психологиялық тұрақтылық, төзімділік, шыдамдылық.

### Тәрбие жұмысының мақсаты:

- Мектептегі тәрбие беру үдерісін тәжірибеге ендіру арқылы жеке жаңалықтар мен идеяларды бағалауға қабілетті, келешегін болжай алатын, сыни көзқарасы қалыптасқан, жауапкершілігі бар, адамгершілігі жоғары тұлға тәрбиелеу;

## Міндеттері:

- білім беру ұйымдарында денсаулығы зор, рухани дүниесі бай, адамгершілікті, тәуелсіз жеке тұлғаны қалыптастыруға ықпал ететін тәрбие жүйесін құру және дамыту;
- балалар мен жастарды азаматтылыққа, отансүйгіштікке, зиялылыққа, адам құқықтары мен бостандықтарын, мемлекеттік рәміздер мен ұлттық дәстүрлерді сыйлауға тәрбиелеу;
- өзінің және қоғамның, болашақ ұрпақ алдында әлеуметтік, табиғи және мәдени ортадағы өз іс-әрекетінің нәтижесі үшін жауапкершілікті сезінуде гумманистік дүниетанымды қалыптастыру;
- мемлекеттік тілді және басқа тілдерді үйрену арқылы балалар мен жастардың әлем және ұлттық мәдениетті игерулеріне, Қазақстан халықтарының дәстүрлері мен мәдениетін зерттеуіне және қабылдауына жағдай жасау;
- жеке тұлғаның өзін-өзі іс жүзінде көрсетуі мен ары қарай дамуына ықпал етуде білім беру ұйымдары жағдайында жастар мен балалардың танымдық қызығушылығын, олардың шығармашылық қабілеттерін, жалпы білімге икемділігін, өзін-өзі тану мен өздігінен білім алу дағдыларын, әлеуметтенуін барынша дамыту бейімділігін қалыптастыру;
- қазіргі заманғы қоғамдық өмірге және тиімді кәсіби іс-әрекет пен жеке басының және әлеуметтік кәсіби тұрғыда үздіксіз пісіп жетілуіне қажетті маңызды тұлғалық және кәсіби сапаларын қалыптастыру;
- қоғамда орнықты қалыптасқан дәстүрлер негізінде этникалық және діни толеранттылықты тәрбиелеу;
- балалар мен жастардың бойында Қазақстанға сырттан енуші этнодіни экстремизм мен түрлі радикалды ағымдарға қарсы әрекет ете алатын дағдылар қалыптастыру;
- отбасылық тәрбие жүйесін қайта жандандыру және отбасын білім беру мекемелерінің тәрбие жүйесіне араластыру.

## Күтілетін нәтиже:

**Оқушыларда:**

-өмірдің ең жоғарғы құндылығын түсінетін, бойында жалпы адами және ұлттық құндылықтарды жинаған, өз өмірі мен іс-әрекетіне жауап бере алатын, өз өмірінің қажеттілігін түсінетін, оқу мен зерттеу, ақпаратпен жұмыс істейтін және сын тұрғысынан ойланып өмірде жетістікке қол жеткізу үшін өзін-өзі реттейтін,тұрақты мінез-құлықты,жан дүниесі бай, өзінің ел және адамгершілік үшін миссиясын түсінетін **тұлға** қалыптасады.

| № | Тәрбие жұмысының атауы | Аяқтау нысаны | Жауаптылар | Орындау мерзімі |
|---|---|---|---|---|
| **І. Тәрбиені нормативтік құқықтық қамтамасыз ету** | | | | |
| 1 | Бала құқықтары туралы БҰҰ Конвенциясы | | ТІМ, сынып жетекшілер, әлеуметтік ұстаз, мектеп психологтары, аға тәлімгер | Жыл бойы |
| 2 | Қазақстан Республикасының Конституциясы | | ТІМ, сынып жетекшілер, әлеуметтік ұстаз, мектеп психологтары, аға тәлімгер | Жыл бойы |
| 3 | «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV Кодексі | | ТІМ, сынып жетекшілер, әлеуметтік ұстаз, мектеп психологтары, аға тәлімгер | Жыл бойы |
| 4 | «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345 Заңы | | ТІМ, сынып жетекшілер, әлеуметтік ұстаз, мектеп психологтары, аға тәлімгер | Жыл бойы |
| 5 | «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 214-IY Заңы | | ТІМ, сынып жетекшілер, әлеуметтік ұстаз, мектеп психологтары, аға тәлімгер | Жыл бойы |
| 6 | «Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 2 шілдедегі № 169- VI Заңы | | ТІМ, сынып жетекшілер, әлеуметтік ұстаз, мектеп психологтары, аға тәлімгер | Жыл бойы |
| 7 | «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы | | ТІМ, сынып жетекшілер, әлеуметтік ұстаз, мектеп психологтары, аға тәлімгер | Жыл бойы |
| **ІІ. Ғылыми-әдістемелік және ақпараттық қамтамасыз ету** | | | | |
| 1 | Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы | | ТІМ, сынып жетекшілер, әлеуметтік ұстаз, мектеп психологтары, аға тәлімгер | Жыл бойы |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 2 | ҚР БҒМ 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері | | ТІМ, сынып жетекшілер, әлеуметтік ұстаз, мектеп психологтары, аға тәлімгер | Жыл бойы |
| 3 | ҚР БҒМ 2020 жылғы 12 маусымдағы № 248 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздері | | ТІМ, сынып жетекшілер, әлеуметтік ұстаз, мектеп психологтары, аға тәлімгер | Жыл бойы |

**III. Іске асыру тетіктері: тәрбиенің басым бағыттары бойынша іс-шаралар**

**1. Бағыты: жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие**

**Мақсаты:** Отанға ұтымды және эмоционалды ққарым-қатынасы, мемлекет пен қоғамның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңсыздыққа қарсы тұратын, балалар мен жастар ортасында қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа қарсы тұруға дайын заңдарын меңгеру және сақтау қажеттілігі бар патриот пен азаматты қалыптастыру.

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 1 | «Конституция – елдің Негізгі Заңы» ақпарат | Әлеуметтік желіге жариялау | Тарих пәнінің мұғалімдері | тамыз |
| 2 | «Мектебім – мейірім мекені» саптық түзеу және бірыңғай сынып сағаттары («Балалар кітапханасы», «Еңбегі адал жас өрен») | Әлеуметтік желіге жариялау | Сынып жетекшілері, ДТІЖО | 1 қыркүйек |
| 3 | Ақындар айтысы («Ұлттық мектеп лигасы») «Төрт тоқсан – төрт өнер» | Әлеуметтік желіге жариялау | С.К.Кулахметова, ДТІЖО | қыркүйек |
| 4 | Мектеп ережесі, жолда жүру ережелері («Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы) | Нұсқаулыққа қол қою, жариялау | Әкімшілік,<br>Сынып жетекшілер | Қыркүйек<br>Жыл бойы |
| 5 | «Құқық бұзушылықтың алдын алу» кездесу (Жеткіншектің жеті жарғысы) | Кездесу, жариялау | 5-11 сыныптардың сынып жетекшілері, әлеумттік ұстаз, мектеп инспекторы | Қыркүйек |
| 6 | Мектеп Парламентін сайлау | Сайлау нәтижесі | Аға тәлімгер, оқушылар ұйымы | Қазан |
| 7 | 25 қазан – Республика күніне саптық түзеу<br>«9 ай – 9 іс-шара» | Саптық түзеу | «Сәбит» шаңырағы | Қазан |
| 8 | «Жас Ұлан», «Жас Қыран» ұйымдарына қабылдау | Салтанатты жиын | Аға тәлімгер | Қазан |
| 9 | «Менің Отаным – Қазақстан!» бірыңғай сынып сағаттары | Сынып сағаты | Сынып жетекшілері, ДТІЖО | Қазан |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 10 | «Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» бірыңғай сынып сағаттары | Сынып сағаты | Сынып жетекшілері, ДТІЖО | Қараша |
| 11 | «Елімнің тұңғыш Президенті» бірыңғай сынып сағаттары | Сынып сағаты | Сынып жетекшілері, ДТІЖО | Қараша |
| 12 | «Тәуелсіздік – ел мерейі» атты тәуелсіздік күніне байланысты мерекелік концерт | | «Абай» шаңырағы | Желтоқсан |
| 13 | «Тәуелсіздік – ел тұғыры» бірыңғай сынып сағаттары | Сынып сағаты | Сынып жетекшілері, ДТІЖО | Желтоқсан |
| 14 | «Ауған соғысының қаһармандарына бас иеміз» тақырыбында Ауған соғысы ардагерлерімен кездесу кешін өткізу | кездесу | «Алихан Бөкейхан» шаңырағы<br>АӘД мұғалімі И.С.Мажитов | Ақпан |
| 15 | «Ауған соғысы – жүрекке жара салады» бірыңғай сынып сағаттары | Сынып сағаты | Сынып жетекшілері, ДТІЖО | Ақпан |
| 16 | «7 мамыр – Отан қорғаушылар күніне» мерекелік іс-шара<br>1-2 сыныптар<br>3-4 сыныптар<br>5-7 сыныптар<br>8-11 сыныптар | Іс-шара | Бастауыш сыныптарда параллельдер арасында іс-шара<br>«Абылайхан» шаңырағы<br>«Бауыржан» шаңырағы | Мамыр |
| 17 | Ұлы Отан соғысының 79-жылдық мерекесіне байланысты «Ұрпақтар ұмытпайтын Ұлы Жеңіс» атты соғыс және еңбек ардагерлерімен кездесу кешін өткізу. | Салтанатты кеш | «Ғабит» шаңырағы | Мамыр |
| 18 | «Елін қорғау – елге серт», «Ұрпақ үшін Жеңіс күні» бірыңғай сынып сағаттары | Сынып сағаты | Сынып жетекшілері, ДТІЖО | Мамыр |
| 19 | Саяси қуғын-сүргіндерді еске алу (гүл шоқтарын ескерткішке қою) | Қалалық іс-шараға қатысу | Ұжым, ДТІЖО | Мамыр |
| 20 | «31 мамыр – Саяси қуғын-сүргіндер күні» бірыңғай сынып сағаттары | Сынып сағаты | Сынып жетекшілері, ДТІЖО | Мамыр |
| 21 | 4 маусым – Мемлекеттік рәміздер күні | Флешмоб | Аға тәлімгер | Маусым |

**2. Бағыты: рухани-адамгершілік тәрбие**

**Мақсаты:** тұлғаның қазақстандық қоғам өмірінің жалпы адамзаттық құндылықтарымен, нормалары мен дәстүрлерімен келісетін рухани-адамгершілік және этикалық қағидаларын, оның моральдық қасиеттері мен ұстанымдарын қайта жаңғырту туралы "Рухани жаңғыру" құндылықтары негіздерінің, оның ішінде "Құндылықтарға негізделген білім беру", "Қоғамға қызмет" жобаларын іске асыру арқылы терең түсінігін қалыптастыру.

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 1 | «Мектепке жол» акциясы | Қаржылай көмек | Әлеуметтік ұстаз Бейсенбаева А.Ж. | Тамыз, қыркүйек |
| 2 | «Адалдық» сағаты | Танымдық сағат, жариялау | Аға тәлімгер, сынып жетекшілер | Қыркүйек |
| 3 | «Қарттарым – даналықтың алтын кілті» қарттар күніне концерт | концерт | «Шоқан» шаңырағы | 04 қазан Сағ 12.00 |
| 4 | «Қарттарым – асыл қазынам» бірыңғай сынып сағаттары | Сынып сағаттары | Сынып жетекшілер, ДТІЖО | Қазан |
| 5 | «18 қазан – Рухани келісім күні» бірыңғай сынып сағаттары | Сынып сағаттары | Сынып жетекшілер, ДТІЖО | Қазан |
| 6 | «Мейірім шуағы» қайырымдылық жәрмеңкесі 1-11 сынып / «Қоғамға қызмет» жобасы | Қайырымдылық іс-шарасы | аға тәлімгер, сынып жетекшілер, ӘҰ, ДТІЖО | 16-18 қазан |

**3. Бағыты: ұлттық тәрбие**

**Мақсаты:** жеке тұлғаны жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға, ана тілі және мемлекеттік тілге, қазақ халқының мәдениетіне, Қазақстан Республикасының этностары мен этностық топтарына құрмет көрсетуге бағыттау.

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 5 қыркүйек- А.Байтұрсынұлының туған күніне арналған «Тіл тазалығы» тақырыбындағы шаралар («Еңбегі адал жас өрен») | Жоспар, ашық диктант | Қазақ тілі және әдебиет пәнінің мұғалімдері | 5 қыркүйек |
| 2 | Ақындар айтысы («Ұлттық мектеп лигасы») «Төрт тоқсан – төрт өнер» | Әлеуметтік желіге жариялау | С.К.Кулахметова, ДТІЖО | қыркүйек |
| 3 | «Жүсіпбек Аймауытовтың 135 жылдығы» конференция | Әлеуметтік желіге жариялау | «Ынтымақ» шаңырағы 4 б,в | қыркүйек |
| 4 | «Төле бидің 360 жылдығы» дөңгелек үстел | Әлеуметтік желіге жариялау | «Достық» шаңырағы 2 б,в | қазан |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 5 | Абылайхан резиденциясындам «Дауылпаз баба Қожаберген жырауға 360 жыл» тәжірибе алаңы | Әлеуметтік желіге жариялау | «Кенесары хан» шаңырағы | желтоқсан |
| 6 | «Құрманғазы Сағырбайұлының 200 жылдығы» | Әлеуметтік желіге жариялау | «Сұңқар» шаңырағы<br>1 б, в | желтоқсан |
| 7 | «Қаныш Сәтбаевтың 125 жылдығы» | Әлеуметтік желіге жариялау | «Бәйтерек» шаңырағы<br>3 б,в | қаңтар |

**4. Бағыты: Отбасылық тәрбие**

**Мақсаты:** ата-аналарға білім беру, олардың психологиялық-педагогикалық құзыреттілігін және балаларды тәрбиелеу жауапкершілігін арттыру.

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 1 | «Болашаққа бірге қадам жасайық!» ата-аналар жиналысы («Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы) | хаттама | Мектеп психологтары, 11 сынып жетекшілері | 14.09.2023<br>Сағ. 18.15 |
| 2 | Сыныптың және мектептің әлеуметтік паспортын құру | Паспорт | Әлеуметтік ұстаз | қыркүйек |
| 3 | «Отбасы – менің тірегім» бірыңғай сынып сағаттары | Әлеуметтік желіге жариялау | Сынып жетекшілер, ДТІЖО | қыркүйек |
| 4 | «Мен және менің отбасым» ашық сынып сағаты 2 «А» сынып | Әлеуметтік желіге жариялау | А.Д.Нуртазина, ДТІЖО | қыркүйек |
| 5 | «Отбасы – бақыт мекені» ашық сынып сағаты 8 «А» сынып | Әлеуметтік желіге жариялау | Н.С.Какимова, ДТІЖО | қыркүйек |
| 6 | «Отбасы діңгегі – баланы тәрбиесінде» акциясы аясында аз қамтылған отбасыларының тұрмыстық жағдайларымен танысу | акт | А.Ж.Бейсенбаева | қыркүйек |
| 7 | 15 мамыр - Отбасы күні | Жеке жоспар, әлеуметтік желіге жариялау | Сынып жетекшілер, ДТІЖО | мамыр |
| 8 | Ата-аналарды педагогикалық қолдау сабақтарын өткізі (әр буында 8 сағат) | әлеуметтік желіге жариялау | Сынып жетекшілер, шығармашылық топ, ДТІЖО | Жыл бойы |

**5. Бағыты: Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие**

**Мақсаты:** кәсіби өзін-өзі анықтауға саналы көзқарасты қалыптастыру, экономикалық ойлауды және тұлғаның экологиялық мәдениетін дамыту.

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 24 қыркүйек «Еңбек күні»<br>«Еңбекқорлық және оның табысқа әсері»<br>«Отбасындағы оқушының еңбек міндеттері»<br>(Еңбегі адал жас өрен) | жоспар | Көркем еңбек пәнінің мұғалімдері<br>Сынып жетекшілер | қыркүйек |
| 2 | «Еңбекқорлық және оның табысқа әсері» тақырыбында сынып сағаттар | Әлеуметтік желіге жариялау | 5-7 сынып жетекшілері, ДТЖО | қыркүйек |
| 3 | «Отбасындағы оқушының еңбек міндеттері»<br>(Еңбегі адал жас өрен) | Әлеуметтік желіге жариялау | Көркем еңбек пәнінің мұғалімдері ДТЖО | қыркүйек |
| 4 | «Менің жетістігім - менің нәтижем» оқушылармен кездесу | Әлеуметтік желіге жариялау | Мектеп психологтары, ДТЖО | қыркүйек |
| 5 | «Ұлттық теңге – тәуелсіздігіміздің нышаны» бірыңғай сынып сағаттары | Сынып сағатттары | Сынып жетекшілер, ДТЖО | Қараша |
| 6 | «Табиғат – тал бесігің» экология айлығы | Жоспар бойынша жұмыс | Жаратылыстану мұғалімдері | Сәуір |
| 7 | «Көгалдандыру жұмыстары» тал, гүл егу<br>«Төрт тоқсан – төрт өнер», «9 ай – тоғыз іс-шара» | Ауланы көгалдандыру | 1-11 сыныптар | Мамыр |

**6. Бағыты: Интеллектуалды тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу**

**Мақсаты:** әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндіктерін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын, сондай-ақ ақпараттық, оның ішінде балалардың кибермәдениеті мен кибергигиенасы бойынша мәдениетті дамытуды қамтамасыз ететін мотивациялық кеңістікті қалыптастыру.

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 1 | «Дебат» клубының отырысы<br>(Ұлттық мектеп лигасы) жобасы | Отырыс | Жетекші, тәлімгер | Ай сайын |
| 2 | Ашық диктант | әлеуметтік желіге жариялау | Тіл мамандары | 5 қыркүйек |
| 3 | «22 қыркүйек – тілдер мерекесі» бірыңғай сынып сағаттары | Жоспар, әлеуметтік желіге жариялау | Сынып жетекшілер, ДТЖО | Қыркүйек |
| 4 | «Дебат» клубының қалалық, облыстық іс-шараларға қатысуы | Сайыс, әлеуметтік желіге жариялау | Ж.Ж.Шупанова | Жыл бойы |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 5 | «Алғыс айту – адамгершіліктің белгісі»,<br>«1 наурыз - Азаматтық қорғаныс күні» бірыңғай сынып сағаттары | Сынып сағаттары, әлеуметтік желіге жариялау | Сынып жетекшілер, ДТІЖО | Наурыз |

**7. Бағыты: көпмәдениеттік және көркем-эстетикалық тәрбие**

**Мақсаты:** Жалпы мәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, жеке тұлғаның өнер мен шынайылыққа эстетикалық объектілерді қабылдауға, меңгеруге, бағалауға дайындығын дамыту, оның ішінде "Ұшқыр ой алаңы" мектеп оқушыларының дебаттық қозғалысы" жалпы ұлттық мәдени-білім беру жобасын іске асыру арқылы білім беру ұйымдарында полимәдени орта құру.

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Алтын күз 5-7, 8-10 сыныптар<br>Алтын күз 3-4 сыныптар<br>Алтын күз 1-2 сыныптар | Сценарий, әлеуметтік желіге жариялау | «Ғабит» шаңырағы<br>«Бәйтерек» шаңырағы<br>3 б,в<br>«Сұңқар» шаңырағы<br>1 б, в | қазан |
| 2 | «Төрлет, Жаңа жыл!»<br>(0-2 сыныптар) | әлеуметтік желіге жариялау | «Достық» шаңырағы<br>2 а,ә | желтоқсан |
| 3 | «Ғажайып Жаңа жыл»<br>(3-4 сыныптар) | әлеуметтік желіге жариялау | «Сұңқар» шаңырағы<br>1 а, ә | желтоқсан |
| 4 | «Жаңа жыл – жаңа жыр»<br>(5-7 сыныптар) | әлеуметтік желіге жариялау | «Абылайхан» шаңырағы | желтоқсан |
| 5 | «Жаңа жыл – жаңа жыр»<br>(8-11 сыныптар) | әлеуметтік желіге жариялау | «Бауыржан» шаңырағы | желтоқсан |
| 6 | «Ана – гүл, ана – өмір шуағы» сайысы 3-4 сыныптар | Сценарий, әлеуметтік желіге жариялау | «Ынтымақ» шаңырағы<br>4 а,ә | наурыз |
| 7 | «Көктем Ару – 2022»<br>5-7 сыныптар | Сценарий, әлеуметтік желіге жариялау | «Керей мен Жәнібек» шаңырағы | наурыз |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 8 | «Көктем Ару – 2022» сайыс<br>8-11 сыныптар | Сценарий, әлеуметтік желіге жариялау | «Ыбырай Алтынсарин» шаңырағы | наурыз |
| 9 | «Әз-Наурыз, қош келдің!» атты мерекелік кеш өткізу<br>«Дәстүр мен ғұрып» жобасы | Сценарий, әлеуметтік желіге жариялау | 0-2 сыныптар<br>Ж: «Балдырған» шаңырағы<br>3-4 сын.<br>Ж: «Бәйтерек» шаңырағы<br>3 а,ә<br>5-7 сын. 8-11 сын.<br>Ж: «Мағжан» шаңырағы | наурыз |
| 10 | «Қызға нәзіктік жарасады...» бірыңғай сынып сағаттары | Сынып сағаттары, әлеуметтік желіге жариялау | Сынып жетекшілер, ДТІЖО | Наурыз |
| 11 | «Ұлыстың ұлы күні – әз-Наурыз» бірыңғай сынып сағаттары | Сынып сағаттары, әлеуметтік желіге жариялау | Сынып жетекшілер, ДТІЖО | Наурыз |

**8. Бағыты: дене тәрбиесі, салауатты өмір салты**

**Мақсаты:** Салауатты өмір салты дағдыларын табысты қалыптастыру, дене және психологиялық денсаулықты сақтау, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтауды білу үшін кеңістік құру.

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Денсаулық фестивалі «Сергіту сәті» («Ұлттық мектеп лигасы» жобасы) | Жеке жоспар | Д/ш мұғалімдері<br>Сынып жетекшілер | қыркүйек |
| 2 | Дұрыс тамақтану | Анықтама | Әлеуметтік ұстаз | қыркүйек |
| **3** | «Кім мықты?» атты футболдан жарыс 8-11 сыныптар | Жарыс | Д/ш мұғалімдері | Қыркүйек |
| **4** | Көңілді старт «Спорт – денсаулық кепілі» 4 сыныптар | Көңілді старт | Д/ш мұғалімдері | Қазан |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 5 | «Қауіпсіз балалық шақ» бірыңғай сынып сағаттары | Сынып сағаттары | Сынып жетекшілер, ТІМ | Қазан |
| 6 | «ЖИТС – ғасыр дерті» бірыңғай сынып сағаттары | Сынып сағаттары | Сынып жетекшілер, ТІМ | Қараша |
| 7 | «Мен - чемпион» 5-8 сыныптар | Сайыс | Д/ш мұғалімдері | Қараша |
| 8 | «Тұңғыш Президен, күніне» волейбол | Сайыс | Д/ш мұғалімдері | Желтоқсан |
| 9 | «Дені сау ұрпақ – болашақ кепілі» баскетболдан жарыс 5 сыныптар | Жарыс | Д/ш мұғалімдері | Қаңтар |
| 10 | «Волейбол әлемінде» жарыс 8-11 сыныптар | Жарыс | Д/ш мұғалімдері | Қаңтар |
| 11 | «Ұлттық ойын» бестас асық 8-11 сыныптар | Жарыс | Д/ш мұғалімдері | Ақпан |
| 12 | «Дартс» ойыны жарыс | Жарыс | Д/ш мұғалімдері | Ақпан |
| 13 | «Наурыз мейрамы» ұлттық ойындар жарысы 3-10 сыныптар | Жарыс | Д/ш мұғалімдері | Наурыз |
| 14 | «Салауатты өмір салты» көңілді старт 5-7 сыныптар | Көңілді старт | Д/ш мұғалімдері | Наурыз |
| 15 | «Кім мерген?» асық ату | Сайыс | Д/ш мұғалімдері | Сәуір |
| 16 | «Шынықсаң шымыр боласың» Президенттік көпсайыс 5-11 сыныптар | Сайыс | Д/ш мұғалімдері | Мамыр |